# "SAWIR-DANEK" ЖОБАСЫ БОЙЫНША ДЕМЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕСЕП

Білім беру бағдарламасы: Балаларға арналған ағылшын тілі курстары

*Есептік кезең: 2025 жылғы желтоқсан – 2026 жылғы ақпан | Жасалған күні: 2026 жылғы наурыз*

---

## 1. Бағдарлама туралы жалпы ақпарат

2025 жылдың желтоқсанынан бастап «Danek» қоғамдық қоры бес қамқоршы студенке «Sawir» білім беру орталығындағы ағылшын тілі курстарына оқу ақысын тұрақты түрде төлеп келеді. Оқу «Family and Friends 1» оқулығы негізінде, бастапқы деңгей бойынша жүргізілуде.

Жеке деректерді қорғау туралы ҚР заңнамасына сәйкес студенттердің аттарын кодтармен алмастырдық. Барлық сабақтар онлайн форматта, екі шағын топта өтеді: бірінші топта – S01, S02; екінші топта – S03, S04, S05. Топтар балалардың тіл білу деңгейі мен туыстық қатынастарын ескере отырып құрылған,

| Оқытушылар | Нурлубаева Асем, Нәсіпберген Толғанай |
|---|---|
| Оқу бағдарламасы | Family and Friends 1, Beginner (CEFR A1) |
| Оқу кезеңі | 2025 жылғы желтоқсан басы – 2026 жылғы ақпан соңы (3 ай) |
| Курстың жалпы көлемі | 112 академиялық сағат |
| Қордың студенттері | 5 студент (кодтары: S01, S02, S03, S04, S05) |

## 2. Сабаққа қатысу

Қатысу ай сайын тіркеліп отырды. S01 мен S02 студенттері желтоқсан айының ортасынан қосылғандықтан, сол айдағы 13 сабақтың 5-іне қатысты, яғни олардың кешігіп бастауымен байланысты, сабақтан қалу деп есептелмейді. S03 студенті қаңтардың соңынан, ал S04 мен S05 қаңтардың басынан тіркелді. Сол себепті бұл үш студенттің желтоқсан айындағы нөлдік көрсеткіші оқу кестесінде кеш қосылуымен түсіндіріледі.

| Студент | Желт. қатыс. | Желт. % | Қаң. қатыс. | Қаң. % | Ақп. қатыс. | Ақп. % | Жалпы % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| S01 | 5/13 | 38% | 12/12 | 100% | 11/12 | 92% | 76% |
| S02 | 5/13 | 38% | 12/12 | 100% | 11/12 | 92% | 76% |
| S03 | 0/13 | 0% | 2/12 | 17% | 8/12 | 67% | 27% |
| S04 | 0/13 | 0% | 11/12 | 92% | 12/12 | 100% | 62% |
| S05 | 0/13 | 0% | 11/12 | 92% | 12/12 | 100% | 62% |

*Ескерту: S03, S04, S05 студенттерінің желтоқсандағы нөлдік және S01, S02 студенттерінің төмен көрсеткіштері олардың бағдарламаға ай басынан тіркелмеуіне байланысты - бұл сабақтан қалу емес.*

Топтың жалпы қатысуы жоғары деңгейде деп бағаланады. Бес баланың төртеуі 91–100% тұрақты сабаққа қатысу көрсеткішіне жетті. S03 студентіне қатысты қор менеджері бақылауға алып, ата-анамен байланысын жалғастыруда. Студент ақпан айынан бастап сабаққа жүйелі қатыса бастады – көрсеткіш 67%-ға жетті, бұл оң серпін белгісі. Осы үрдіс сақталса, студент келесі кезеңде жақсы нәтиже көрсетуі ықтимал.

## 3. Студенттердің үлгерімі

Бағалау екі рет жүргізілді: оқу басында (2025 жылғы желтоқсан-қаңтар) және есептік кезеңнің соңында (2026 жылғы ақпан). Нәтижелер бес негізгі дағдыны қамтиды: оқу, тыңдап түсіну, жазу, сөйлеу және сөздік қор. Әрбір дағды бойынша ең жоғары баға – 100 балл. Бұл бағаларды оқытушылар бастапқы деңгейі негізінде берілгенін ескерген жөн. Деңгей аяқталғаннан кейін жеке емтихан өткізіледі.

| Студент | Кезең | Оқу | Тыңдау | Жазу | Сөйлеу | Сөздік | Жалпы | Деңгей |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| S01 | Бастапқы | 20 | 20 | 30 | 30 | 30 | 26 | Қолдау керек |
| | Соңғы | 60 | 60 | 70 | 70 | 80 | 68 | Орташа |
| | Өсім | +40 | +40 | +40 | +40 | +50 | +42 | |
| S02 | Бастапқы | 10 | 20 | 30 | 20 | 20 | 20 | Қолдау керек |
| | Соңғы | 50 | 60 | 70 | 70 | 80 | 66 | Орташа |
| | Өсім | +40 | +40 | +40 | +50 | +60 | +46 | |
| S03 | Бастапқы | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | 30 | Қолдау керек |
| | Соңғы | 40 | 40 | 40 | 40 | 40 | 40 | Базалық |
| | Өсім | +10 | +10 | +10 | +10 | +10 | +10 | |
| S04 | Бастапқы | 40 | 40 | 40 | 30 | 30 | 36 | Қолдау керек |
| | Соңғы | 70 | 60 | 60 | 50 | 50 | 58 | Базалық |
| | Өсім | +30 | +20 | +20 | +20 | +20 | +22 | |
| S05 | Бастапқы | 40 | 40 | 40 | 30 | 30 | 36 | Қолдау керек |
| | Соңғы | 70 | 60 | 60 | 50 | 50 | 58 | Базалық |
| | Өсім | +30 | +20 | +20 | +20 | +20 | +22 | Қолдау керек |

## 4. Оқытушылардың студенттер бойынша пікірлері

### S01 студенті
Тұрақты оң серпін байқалуда: қорытынды баллы 26-дан 68-ге өсті (+42 балл).
Пікір: Тақырыптарды тез түсінеді, ағылшынша сөйлеу деңгейі көтеріліп жатыр, ең бастысы өткен тақырыптарды көбірек қайталаса жақсы болады.

### S02 студенті
Барлық студенттер ішінде ең жоғары үлгерімді көрсетті: +46 балл (20-дан 66-ға дейін).
Пікір: Сабаққа белсенді қатысады, ағылшынға деген ниеті де жақсы, өткен тақырыптардың сөздерін жақсы қолданады

### S03 студенті
Оқудың басы тұрақсыз болды: желтоқсанда — 0, қаңтарда 12 сабақтың тек 2-іне қатысты. Ақпаннан бастап қатысуы 67%-ға жетті. Жіберілген сабақтарға байланысты үлгерімі төмен (+10 балл).
Пікір: Қатысқан кезде сабаққа ат салысады, кейде тырысады, кейде тырыспайды. Үй тапсырмасын ұмытып кету жағдайлары бар, кейде оқуға деген ынтасы төмен. Сабақты қалдыру себебін анықтау және ынтасын арттыру үшін отбасымен қосымша жұмыс жүргізу қажет.

### S04 студенті
Қаңтардан бастап қатысуы жоғары (92–100%), үлгерімі мықты: +22 балл (36-дан 58-ге дейін).
Пікір: Сабақты өте жақсы оқиды және белсенді қатысып отырады. Көрсеткіштері тұрақты.

### S05 студенті
Көрсеткіштері S04-ке ұқсас: қаңтардан бастап 92–100% қатысу, үлгерімі +22 балл.
Пікір: Соңғы уақытта жеке себептерге байланысты сабақтарлан қалып жүр. Белсенді қатысқан кезде жоғары қызығушылық танытады.  Сабақтан қалу мәселесі бойынша отбасымен жұмысты жалғастыру керек.

## 5. Ата-аналармен жұмыс

Қор менеджерлері балалардың ата-аналарымен тұрақты байланыста. Оларға нәтижелерді бөлісіп, пікірлері мен ұсыныстарын алуда. Ата-аналар балаларының жетістіктерін атап өтті, балалар тарапынан сабаққа қатысуға қызығушылық бар - бұл біз үшін жақсы баға. Кейбір студенттердің сабаққа қатыспауы бойынша жеке әңгімелесу жүргізіп, ұсыныстар берілді. Бақылауды жалғастырамыз. Алынған кері байланыс болашақ жоспарлар үшін ескеріледі.

## 6. Қорытынды және ұсыныстар

Бағдарлама оң серпін көрсетуде. S01 және S02 студенттері ең жоғары нәтижелерге жетті, S04 мен S05 тұрақты дамуда. S03 студенті төмен қатысуына байланысты жеке назар аударуды талап етеді.

- Барлық 5 студенттің келесі кезеңдегі оқуын қаржыландыруды жалғастыру - жалпы үрдіс позитивті.

- S03 студенті үшін - қатысуды қолдау жоспарын жасау, менеджердің отбасымен жұмысын жалғастыру.
- Деңгей аяқталғаннан кейін Sawir орталығынан, өздерінің әдістемесі бойынша, қорытынды тестілеу нәтижелерін сұрату.
- Келесі есептік кезең: 2026 жылғы наурыз – мамыр.

## 7. Қаржыландыру

Есептік кезең аяқталғаннан кейін қор 112 академиялық сағаттық оқу үшін жалпы сомасы 70 000 теңге көлемінде төлем жасады. Бұл баға жеңілдік бойынша бекітілген және «Sawir» білім беру орталығы (ЖК Sawir) мен «Danek» қоры ("Danek Foundation" қоғамдық қоры) арасындағы ынтымақтастық меморандумы шеңберінде, тек қор үшін ғана қолданылады. Төлем Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылды.

Проведено электронно

**Платежное поручение № 17**
**10 марта 2026 г.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Фактический плательщик:<br>ИИН (БИН): | | | **70 000** |
| Отправитель денег:<br>ОФ "Danek foundation"<br>ИИН(БИН): 240440039880 | ИИК [redacted] | Код [redacted] | |
| | Страна резиденства | | |
| Банк отправителя:<br>АО "Kaspi Bank" | БИК | CASPKZKA | |
| Бенефициар:<br>ИП "SAWIR"<br>ИИН (БИН): [redacted] | ИИК [redacted] | Кбе [redacted] | |
| | Страна резиденства | | |
| Фактический бенефициар:<br>ИИН (БИН): | | | |
| Банк бенефициара:<br>АО "KASPI BANK" | БИК | CASPKZKA | |
| Сумма прописью: Семьдесят тысяч тенге 00 тиын | | | |
| Дата получения товара (оказания услуг): 10 марта 2026 г. | | Код назначения платежа | **112** |
| За образование. Счет на оплату #1 от 01.28.2026 "Услуга по проведению группового занятия по английскому языку" (112 часов). | | Код бюджетной классификации | |
| | | Дата валютирования | 10 марта 2026 г. |

Руководитель: [redacted]
Главный бухгалтер: Не предусмотрен

Проведено банком
10 марта 2026 г.

Төлем скриншоты

*Ескерту: кейбір деректемелер жеке деректерді қорғау туралы ҚР заңнамасына сәйкес жасырылған. Сұраныс бойынша түпнұсқасын бере аламыз.*

## 8. Алғыс сөз

Қор балаларға деген ықыласы мен берген мүмкіндіктері үшін Sawir орталығына шын жүректен алғыс білдіреді. Мұндай серіктестік балаларымыздың дамуы мен қолдауында маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, бұл жұмысымыз қаржылай қолдау көрсетіп жүрген демеушілеріміздің арқасында екенін атап өткіміз келеді. Дәл сіздердің қолдауларыңыз арқасында балаларға сапалы білім мен дамуға жол ашылып жатыр.

Біз оқу сапарымызды жалғастырамыз! Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар қосымша білім алып жатыр. Бізге демеу беріп жүргендеріңіз үшін көп рақмет — осылай қарқынмен жалғастыра беріңіздер!

---

Есепті дайындаған: "Danek Foundation" қоғамдық қоры | 2026 жылғы наурыз

*Құпия ақпарат –жеке деректерді қорғау туралы ҚР заңнамасына сәйкес студенттердің аттарын кодтармен алмастырдық.*